



ХҒТАР 11.01.33

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-9-20>

Саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның өзара байланысы

М.Ө. Насимов¹, Б.Ж. Паридинова*¹

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: nasimov_m@mail.ru, filosof.sokrat.86@mail.ru)

Аңдатпа. Отандық саяси ғылымдарда ұсынылып отырған тақырып тұңғыш рет зерттеліп отыр. Берілген мақалада саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның өзара байланысы кешенді түрде талданады. Қазіргі жаһандану жағдайында рухани және саяси көзқарастардың тоғысуы тұлғаның ішкі сенім жүйесі, саяси белсенділігі және азаматтық жауапкершілігіне тікелей ықпал ететінін дәлелдейді. Авторлар саяси білім беру процесінде рухани құндылықтар мен саяси идеялардың өзара әрекеттестігін интегративті тәсілдермен дамыту қажеттілігін негіздейді. Мақалада руханилықтың мәні, саяси дүниетанымның құрылымы, отбасы институтының рөлі, студенттердің дүниетанымдық бағдарын қалыптастырудағы білім беру саясатының маңызы қарастырылады. Саяси және рухани дүниетаным үйлесімі оқу бағдарламаларына дүниетанымдық компоненттерді енгізу, оқытушылардың біліктілігін арттыру және сыни диалог ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында білім мазмұнын жетілдіру, болашақ мамандардың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру және демократиялық құндылықтарды қалыптастыру бағытында нақты ұсыныстар береді. Мақала рухани және саяси дүниетанымның өзара әрекеттестігінің теориялық негіздерін көрсетіп қана қоймай, саяси білім беру тәжірибесін жаңғыртуға үлес қосады.

Түйін сөздер: дүниетаным, руханилық, саяси білім беру, рухани дүниетаным, саяси дүниетаным.

Кіріспе

Саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық ортадағы жаһандық өзгерістердің жеделдеуі, қоғамдағы теңсіздіктердің күшеюі, демократия, көші-қон, пандемия және климат өзгерісі сияқты заманауи құбылыстармен сипатталатын дәуірде білім бұрын-соңды болмаған қиындықтарға тап болды. Білім келешек ұрпаққа күрделі гносеологиялық, этикалық және моральдық шарттарда бірге өмір сүруді сыни қайта

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

¹хат-хабарға жауапты автор

құруға көмектеседі. ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас конференциясында бейбіт және тұрақты келешекті құруға негізделген білім берудің жаңартылған көзқарастары ұсынылды. Бас конференция Бас директорға: ТДМ 4 – білім беру-2030 шеңберінде әділ, сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдарға өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруға бағыттайды; білім беруге қатысты халықаралық деңгейде келісілген тұрақты даму саласындағы 4-мақсатқа (ТДМ 4) қол жеткізудегі прогреске мониторинг жүргізу міндетін қояды [1, 20 б.]. Сондықтан білім түрлі секторлар, жас және салалардың саяси әлеуеті, оқытуды әлеуметтік өзгерістермен байланыстыратын үдерістерде біртұтас жүйелі тәжірибеде үйлестіреді.

Білім тәртіптік қағидалар призмасында келешек көкжиегінің дамуына әрекет жасайды. Мұндай құрылым құбылыстар мен адам болмысының біртұтас өлшемдеріне қайшы келеді және дүниенің интегративті көзқарасын алға жылжытатын тәртіптік емес құралдармен біріктіріледі. Тәсілді «дүниетанымдық білім беру» түсінігімен анықтаймыз [2]. Демек, дүниетанымдық көзқарастар азаматтарға тәжірибенің кез келген деңгейінде әлемді түсіндіру және әрекеттер перспективаларының гносеологиялық парадигмадан тыс экзистенциалды қиындықтарға белсенді түрде қарсы тұруда білім саясатымен бірігеді. Құрылым әлеуметтік логика, тұрақтылық және жаңа әлеуметтік көзқарастарға әсер етеді. Қоғамның қатысуы білімнің экзистенциалды құбылыстарына көзқарастар мен ықтимал сценарийлердің барлық әлеуетті және белсенді ойыншыларын қамтиды. Жаңа қоғамдық көзқарастар мен жаһандық білімнің жаңашыл түрлері барлық азаматтардың интерактивті процестердегі өзара сыни зерде, пікірталас пен диалогынан пайда болады.

Саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның өзара байланысы біздің дәуіріміздегі ірі саяси өзгерістерді жан-жақты зерттеу, әлемдік саясаттың әлеуеті мен күрделілігін түсіндіреді. М.Andrews [3] тарих пен өмірбаян тоғысуындағы талдауы 11 қыркүйектен кейінгі Америка Құрама Штаттарындағы патриотизм жарылысы; Берлин қабырғасының құлауына шығыс немістерінің түрлі реакциясы; Оңтүстік Африкадағы Ақиқат пен келісім комиссиясының алдында куәлік беруде жәбірленушілерге оқиғаларды айтуға қысым жасау және Англиядағы әлеуметтік әділеттілік үшін күреске өмір бойы берілгендік сияқты даулы мәселелерге түсінік береді. Барлық көзқарастар саяси және әлеуметтік контексті қалыптастыратын жасырын дүниетанымның маңыздылығын дәлелдейді. Әрбір ахуалды талдау зерттеушінің саяси нанымдар мен құндылықтар жүйесінің қоғамдық өзгерістерді түсіндірудегі рөлін айқындайды.

2014 жылы жарияланған зерттеулер жинағында ғалымдар, азаматтар, шешім қабылдаушылар мен саясаткерлер ұстанатын діни және зайырлы дүниетаным мен саяси идеологиялардың бүгінгі күні қолданылатын әрі түсінілетін ғылымға әсері зерттеледі [4]. Авторлар ғылымды түрлі топтар мүдделеріне «баптаудың» әлеуметтік және ғылыми салдарын қарастырады. Демек, саяси дүниетаныммен байланысты деректерді ұштастыру ғылым мен қоғамның сүбелі желісін құрады. Саясаткерлердің идеологиялық көзқарастары ғылыми зерттеулердің басым бағыттары мен нәтижелерінің әлеуметтік қабылдануы әлеуетін көрсетеді. Кешенді талдаулар ғылым мен саясаттың «байланыс нүктелерін» айқындап, болашақта ғылыми қызметтің тәуелсіздігі мен әділдігін сақтайды.

Жоғарыдағы пікірлерге сәйкес саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның өзара байланысын анықтаудың өзектілігі жоғары екендігін айтқымыз келеді. Біріншіден, рухани және саяси дүниетанымның өзара ынтымақтастығы жоғары. Саяси білім беру

процесінде студенттердің дүниетанымдық негіздерін дамыту олардың саяси сана-сезімінің тереңдігі және сыни пікірталасқа қабілеттілігін жоғарылатады. Екіншіден, оқыту процесінде интегративтік тәсілдерді қолдану тиімді. Тәрбиелік, мәдени және әлеуметтік аспектілерді біріктіретін дүниетанымдық білім беру моделі студенттерді күрделі заман ахуалында икемді әрекет етуге дайындайды. Үшіншіден, қоғамдық өзгерістерге бейімделу маңызды. Білім беру саясаты мен оқу бағдарламалары саяси құбылыстарды этикалық және экзистенциалды түсіндіріп, студенттерге әлемдегі түрлі процестерге сынмен қарайтын дағдылар ұсынады. Төртіншіден, ғылыми зерттеулер мен практика зерттеу нәтижелерінің байланысын арттырады. Саяси және рухани дүниетанымның өзара әрекеттестігін зерттеу білім мазмұнын жаңғырту, тәлімгерлік бағдарламаларын қайта қарау және профессор-оқытушылардың біліктілігін жетілдіруге негіз болатын ғылыми бағыттарды анықтайды. Бесіншіден, саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетаным келешекке бағдар ұсынады. Оқыту процесінде рухани құндылықтар мен саяси перспективаларды ұштастыру студенттердің қоғамдық-саяси белсенділігін қалыптастырып, жаһандық сын-қатерлер жағдайында жауапты азаматты құрады. Алтыншыдан, зерттеулердегі практикалық ұсыныстар жоғары оқу орындарында саяси білім беру бағдарламаларына дүниетанымдық компоненттерді енгізу, сыни диалог ұйымдастыру және пәнаралық жобаларды дамыту негізінде студенттердің рухани және саяси көзқарастарын өзара толықтырады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеуде теориялық-әдіснамалық және сапалық талдау әдістері қолданылды. Біріншіден, әдебиеттерді шолуда саяси және рухани дүниетаным ұғымдарының мәні ашылып, олардың өзара байланысы ғылыми тұрғыда негізделді. Екіншіден, контент-талдау әдісі саяси білім беру саласындағы зерттеулердегі дүниетанымдық көзқарастарды саралады. Үшіншіден, салыстырмалы талдау рухани және саяси дүниетанымның түрлі елдердегі білім жүйелеріндегі көріністері мен ерекшеліктерін айқындады. Сонымен қатар, интерпретациялық әдіс әлеуметтік феномендер мен білім беру процесіндегі руханилық пен саяси сана дамуының мәнін түсіндірді. Авторлар зерттеуде студенттердің дүниетанымдық бағдарлары қалыптасатын әлеуметтік-мәдени факторларды талдап, саяси білім беру жүйесіне ықпал ететін педагогикалық ұсыныстар әзірледі.

Нәтижелер мен талқылаулар

Рухани және саяси дүниетаным синтезі: саяси білім беру контексіндегі негізгі түсіндірмелері

Руханилық түсінігі қазіргі қоғамдық-саяси қатынастарда кеңінен таралған. Ұғым сәнге айналған мотивациялық бизнес-семинарлар, психотерапия, жастармен жұмыс және жеке даму топтарында түрлі контексттерде қолданылады. Жоғары оқу орындарындағы саяси білім беруде де дүниетаным түсінігіне көп мән беріледі. Кең ауқымда руханилық соңғы уақытта қасиеттілікке қызығушылықты оятудың ортасында жүр. Руханилықтың жаңғыруы жеке және қоғамдық денсаулыққа әкелетін салдары бар. Дегенмен, руханилықтың қоғамда кең таралуына қарамастан, түсіндіру күрделі болып қала береді. Руханилықтың мағынасын анықтаудағы қиындық адамзат үнемі күресетін

философиялық «ұйық» болып көрінеді. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласының зерттеушілері осы аморфты тұжырымдама алдында өздерінің таңданыстарын білдірді [5]. Саяси білім беру процесінде дербес тұлғаның ішкі құндылықтар құрылымы демократиялық іс-әрекеттерге ұмтылысын күшейтіп, азаматтық белсенділік тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тұлғаның мағыналық ізденістері мен бағдарлары оқу бағдарламаларына енгенде, студенттердің саяси мәселелерді талдау қабілетін арттырады. Саяси оқытуда гуманистік көзқарастарды ескеру әлеуметтік әділеттілік пен адамгершілік қағидаттарын теориялық біліммен ұштастырады. Білім беру ортасында моральдық ұстанымдар мен азаматтық ұғымдар диалогына жол ашу саяси көзқарастардың тұрақты әрі үйлесімді дамуына жәрдемдеседі.

Дүниетаным термині барлық ғылымдарда қолданылады, бірақ келісілген анықтамасыз мағынасын ашу қиынға соғады. Мәселен, терминді «Дін және дүниетаным» деңгейінде бөліп пайдалану Англиядағы діни білім беруде жоғарылады [6]. Бұл тұста саяси білім беруде «Саясат және дүниетаным» ұғымдарын бөлу мәселесі туындайтыны анық. Дегенмен, дүниетанымды бөліп талдау білім салаларының бұлыңғырлануы және профессор-оқытушылар жұмысында шамадан тыс жүктемелердің көбеюіне әкеледі. Сондықтан саяси білім беруде мынадай сұрақтар туындайды: дүниетанымды студенттерді оқытуда қолайлы ма және жоғары білім беру мақсаттарына сай келе ме? Мүмкін дүниетанымды қарастыруда саяси идеологиялар тұжырымдарына көп мән беру керек шығар? Саяси әрекеттерде рухани дүниетанымның артықшылығы жоғары ма, әлде саяси дүниетаным ба? Сұрақтар шеңберінде саяси дүниетаным тұжырымдамасына назарды кеңейту және түсініктің типологиясын қалыптастыру қажеттілігі байқалады.

Ғалымдар физикалық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және рухани дүниетанымның өзара байланыстары қазіргі заманғы ғылыми жетістіктермен үйлеспейтін нанымдар бар екенін дәлелдейді [7, 157-168 бб.]. Дәлел кедейлікті жеңу (ТДМ 1) және әлеуметтік әділеттілікті ілгерілетуде өте маңызды. Рухани құндылықтар саяси мәдениет пен діндерді қалыптастырған нанымдар мен тәжірибелерден туындайды. Саяси ғылымдар жаңалықтары жетістіктері саяси білім берудегі процестерді көп өзгертті. Қазіргі заманғы ғылыми көзқарас пен дәстүрлі нанымдар алшақтығын жою әлеуметтік және экономикалық теңдікке қол жеткізудегі басты міндеттердің бірі болып отыр. Рухани құндылықтарды зерттеу саяси қатысу тәжірибелерінің қалыптасу тетіктеріндегі саяси білім беру процесін түбегейлі жаңғыртады. Рухани және материалдық құндылықтардың өзара әрекеттесуін назарға алу тұрақты даму мен қоғамдық әділдіктің арақатынасының кешенді тұжырымдарын қалыптастырады.

Кең мағынада «дүниетаным» термині адамның әлемді түсінуі негізінде жатқан сенімдер мен құндылықтарды сипаттауда қолданылады. Кеңінен қолданылатын дүниетаным түсініктеріне діни, философиялық және саяси сенімдер енеді. Сондықтан дүниетаным саясат, оның мәні мен мақсатының рухани сенімдері мен бағдарларын қамтиды. Қоғамдағы әрбір азаматтың саяси дүниетанымы, бірегей тұлғасы, тұрғылықты жері және қолдау жүйесі олардың өмірлік жолдарын дәйектейді [8]. Десек те, «саяси дүниетаным» термині жеке мақсаттар мен мінез-құлықтың демократиялық, консервативті және прогрессивті қоғамның ұйымдастырылуын көздейтін саяси идеологияға тіреледі. Саяси дүниетанымның саяси білім берудегі бірнеше дискретті элементтері оқыту процесінің дүниетаным шеңберіндегі орнын түсіндіреді. Саяси дүниетаным құрылымы саяси білімнің таңдалуы мен ұйымдастырылуы, оқытудың

жүргізілуіне әсері мол. Саяси дүниетанымды құру және анықтау бейберекет талданбай, прагматизм мен екіұштылықтың нормативтік шындығын анықтайды. Теорияны құруда қандай тұжырымды жоққа шығару және назардан тыс қалдыру, қандай мәселені қамту және бірінші орынға қою талдануы тиіс. Саяси және рухани дүниетанымның өзара байланысы саяси білім берудегі руханилық, саяси дүниетанымның дербес анықтамасын емес, өзге дүниетаным түрлерімен өзара әрекеттесуін қамтитын анықтаманы құруға ұмтылғаны жөн.

Х. Мінг пікірінше, Қытайдың гүлдену тұжырымдамасы елдің тарихи және мәдени дәстүрлерінде терең тамыр жайған және оның әлеуметтік жүйесінің бірегей логикасымен қуатталады [9]. Гүлдену тұжырымдамасы қоғамдық мұрат аясында қытай ұлтының мызғымас интеллектуалдық ұмтылысын көрсетеді. Отбасы мен еліне сүйіспеншілік сезімі және туыстық қарым-қатынас Қытайдың рухани дүниетанымын қалыптастырып, қауымдастық пен өзара байланыстылықты сезіндіреді. Іргелі қағида еңбекпен айқындалған социалистік жүйенің мәнін қытайлық сипаттағы социализмді берік жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Практикалық талпыныс тарихи тенденциялар мен белсенді дамумен үйлеседі, саяси партияның озық ғылыми саясат стратегияларын біріктіреді және ортақ өркендеудің жол картасын нақтылайды. Қытайлық көзқарас әралуандылық пен дифференциацияның шынайы қауымдастығын құрады, даму мен прогресс өркендеуді түсіндіреді және жаңғыру адамзат прогресінің жаңа формаларын құрудың ұлттық үлгісін ұсынады. Қытайдың өркендеу жолындағы тарихи күш-жігері философиялық мағынада «ортақ» заманауи түсінікті кеңейтіп қана қоймай, өркениеттегі «өркендеу» ұғымын жаңа биіктерге көтереді. Тұжырымдар саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның бір-бірімен сабақтастығын дәлелдейді. Тарихи мұраны сабақтастыра меңгеру студенттерде қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі және ұлттық мақтанышын жүйелейді, саяси мәселелерде патриоттық тақырыптарды түсінуге жол ашады. Отбасындағы туыстық қатынастарға ой жүгірту болашақ мамандардың адамгершілік нормаларының қоғамды басқаруда этика мен әділеттілік қағидаларын басшылыққа алады. Саяси білім беру бағдарламасына нақты әлеуметтік бастамаларды талдау мен іс-шараларды интеграциялау рухани ұстанымдарды іске асыру қабілетін дамытады.

Берілген тұжырымдар білім беру бағдарламасына ішкі сенімдер жүйесін ендіру студенттердің белсенді азаматтық іс-әрекеттерге ұмтылысын нығайтады. Әділеттілік және адамгершілік қағидаларын талқылау студенттердің саяси құбылыстарды жіті саралауын жүйелейді. Дүниетаным элементтерін жіктеу оқытудың құрылымы мен мазмұнын тиімді үйлестіруге жәрдемдеседі, оқытушылардың артық ауыртпалықтарын азайтады. Рухани негіздегі сенімдер мен идеологиялық ұстанымдардың өзара тоғысуы азаматтардың әлеуметтік жауапкершілік сезімі және топтық ынтымақтастығын арттырады. Ұлттық және мәдени дәстүрлерді оқу процесінде қолдану студенттердің патриоттық ұстанымын қалыптастырып, қоғамдық мақсаттарға үн қатысуын ынталандырады.

Саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның өзара ықпалы мен рөлі

Руханилық моральдық жағынан дұрыс және бұрыс құбылыстарды хабарлайды. Ақпаратты ұсыну, жеткізудегі ойды манипуляциялаудың этикаға сәйкестілігі мақсат, мән және тұлғада қалыптасқан сенім мен дүниетанымды қамтиды. Саяси мәдениет және сенім даулы моральдық шекаралармен үйлескенде саяси ойдағы руханилықтың рөлі қауіп пен

күмән тудырады. Сондықтан саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның өзара байланысының күрделі салдары және ықтимал тұзақтарын зерттеу маңызды. Осы мақсатта руханилықтың саяси ойға тигізетін кейбір салдары тексеріліп, оң және теріс жақтарына назар аударамыз. Руханилық пен саяси білім байланыстары саяси ойлармен шиеленіскенде оның әлеуетін зерделейміз. Рухани дүниетаным білім беру және саяси нәтижелерге кедергі келтірмей, жақсартуды қамтамасыз ететін тұжырымдамалық негіз ұсынады. Саяси білім берудегі рухани сенімдерге негізделген көзқарастар оқыту және білім алу мотивациясының қозғалтқышы. Адамның рухани өлшемі білім, ақиқат пен шындық мәні, сенімділік пен күмәнмен білуге болатын құбылыстар дүниетанымы мен философиялық болжамдарын қалыптастырады. Сын-қатерлер дәуірінде әділетті әлемдегі саяси білім беруді дамытатын негізгі құндылықтарды қайта қарау қажет. Сонымен қатар, ойлау мен ізденудің рухани нанымдарды өзгертудегі орнын да қайта қарастырған жөн.

Саяси білім беру аясы өте кең болғанымен, кейде процесс саяси әлеуметтенумен қосылып, оқу-тәрбие процесіндегі білім тар көлемінде қолданылады. Саяси білім беру елдің үкіметімен, қоғамдық істерімен және басқа елдермен қарым-қатынасымен анықталады [10]. Әрбір қоғам өз мүшелерін әдептілік және қоғам алдындағы міндеттерін білуге тәрбиелейді. Қоғам мүшелері өзі өмір сүріп жатқан саяси жүйеге тигізетін ықпалын түсінбестен ешқандай әрекетке бармайды. Көзқарас сенімділігін Аристотельдің мемлекетті жалпы игілікке ұйымдасқан қауымдастық түсінігімен анықтаймыз [11]. Демек, мемлекет идеологиясындағы азаматтық тәрбиенің үйлесімі оқу процесінде жеке тұлғаның ішкі құндылық жүйесін нығайтып, қоғамдық өмірге белсенді араласуына негіз болады. Жеке адамда жоғары моральдық принциптер қалыптасқанда, құқықтық нормалар мен саяси институттарға сенім артады, қоғам шешімдерге жауапкершілікпен қарауға ұмтылады. Қоғамдық іс-әрекеттердің рухани ағарту компоненті оқу бағдарламасының мазмұнын рухани-адамгершілік бастамалармен толықтырып, саяси сауаттылықты жоғары деңгейге көтереді.

Білім адам сыпайылығының желісі. Білім жасырын көзқарас, үрей, тұтынушылық, ескішілдік, асығыстық, немқұрайлылық, теріс пайдаланушылық, сенімсіздік, жалғыздық негіздерінің қонақжайлылық, сенім, алмасу, қауіпсіздік, достық, бауырмалдық негізіне айналуына себепші. Саяси білім беру әр қоғамда, тарихтың әр кезеңінде жүзеге асады. Саяси білім беруде оның мақсаттары мен қоғамдық өмірдегі рөліне мағлұмат беру көзделеді. Осы уақытқа дейін басым болған саяси білім беру үлгілері мыналар: білімнің үлкен көлемі абстракциялаудағы түсіндірмесі мен қарама-қайшылығы баракадмиялық модель; модельдеу сәттерінің өзінде операциялық саясаттың өмірлік дүниелеріне қарай иіліп, бейім болатын зертханалық модель. Қазіргі таңда жастарды негізгі қоғамдық-саяси ақпарат, тарихи және құндылық негізіндегі құралдар, түрлі әлеуметтік-саяси матрицалар мен дәстүрлермен салыстырмалы элементтерді қамтамасыз ету, жаңару ынта-жігерін арттыру және саяси қиыншылықтар жағдайында саналы міндеттеме беру қажеттілігіне әлеуметтік сұраныс бар. Саяси мәдениет шынайылығын ұғыну қабілетін біріктіретін саяси дүниетанымды қайта бағдарлаймыз және құрамыз [12]. Сондықтан саяси білім берудегі адамгершілік қағидалары жастарды қоғамдық жауапкершілікке баулып, ортақ мүддені қорғауға ынталандырады. Саяси және мәдени мұра рухани кемелділікті арттырып, шешім қабылдаудағы жауапкершілікті қалыптастырады. Демек, дағдарыс сәттерінде бейбіт келісімге ұмтылу және әріптестік қатынасты

нығайту қабілетін дамыту маңызды. Қабілет ішкі рухани әлем мен сыртқы әлеуметтік мінез-құлық үйлесімділігіндегі қоғам тұрақтылығының негізін қалайды.

Саяси білім демократиялық білім берудің ажырамас құрамдасы бөлігінде оның мақсаты, тәжірибесі және білім беру бағдарламаларындағы орнын әлемдік пікірталастармен байланыстырады. Кейбір мамандар саяси білім берудегі тәрбиенің мақсатын жоққа шығарады, партияшылдық пен мемлекеттік саясатты насихаттайды деп санайды [13]. Демократиялық білім беру саяси білім беруді қамтиды, саяси мәселелер мен олардың салдарын түсіндіреді [14]. Бірақ, айтылған саяси білім беру параметрлері аясында тар анықтау саяси аңғалдық. Келешек мамандардың саяси мәдениетін қалыптастыруда барлық туындайтын мәселелерді аудиториялық сабақтарда ашық айтамыз. Жүйеленбеген тиімсіз саяси білім беру билік легитимділігіне қауіп төндіреді. Тұлғаның рухани бағдарлары қоғамдағы қатынастарды түсіндіріп, сыни қарауға жетелейді. Ішкі құндылықтар толғанысы азаматтардың әлеуметтік мәселелерге жауапкершілікпен араласуына негіз саналады. Құндылықтар мен мемлекеттің іс-қимылын қатар талдау тиімсіз ағымдарға қарсылық танытады. Рухани толғаныстарды сезіну азаматтардың қоғамдық процестерге сенімін арттырады. Өзін-өзі тану мен әлеуметтік құрылымдарды зерделеу азаматтарға әділ басқару жүйесіне сенімділікті жоғарылатады.

Көптеген контексттерде білім саясаттандырылған және саяси сенімді қалпына келтіру қиын. Саяси сенім тапшылығын азайту діннің саяси және экономикалық күштердегі рөлін ескеруді талап етеді [15]. Діни және зайырлы дүниетаным қарым-қатынасының руханилық пен саяси білімге ықпалын зерттеген дұрыс секілді. Діннің саяси және рухани өмірдегі сенімнің дамуында көрінетін рәсімдерді басқаратын белсенді спектрлерді табу заңды қадам. Жоғары мектептің жастардың зайырлы және рухани жүйелерінің өзара әрекеттесуін анықтауы азаматтардың жеке құндылықтар, тиесілілік сезім, өмірдің мәні және саяси байланыстардың дүниетанымнан туындаған көзқарастарын белгілейді. Саяси білім беруді тар мағынадағы перспективаларды жоққа шығаратын және поляризацияланатын құндылықтарды көбейтетін жиынтық деңгейінде түсінуге болмайды. Мұның орнына саяси білім беру тәжірибесін ең алдымен адам әрекеті құрылысының тәсілінде анықтаймыз. Келісімнің өзі саяси сипатқа ие. Өйткені келісім шеңбері қауымдастықтарда әлемдік оқиғаларды түсінілуі және шиеленістердегі келіссөздерді қамтиды.

Саяси белсенділік демократиялық қоғам мен қатысудың негізі [16, 112-124 бб.]. Дауыс беруден бастап қоғамдық жобаларға еріктілікке дейінгі азаматтық белсенділіктің көптеген түрлері бар. Дегенмен, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың саяси белсенділігінде айырмашылықтар түзіледі. Кейбір азаматтар саясатқа белсене араласса, мүлдем қалыс қалатындар да кездеседі. Жасөспірімдік жастан ересектікке өтудегі азаматтық және саяси белсенділікті қалыптастыруда отбасының тәрбиелік әлеуметтенуінің орны ерекше. Ата-аналар білімінің саяси белсенділікке қосатын үлесі азаматтық білім берудің өтемдік эффектісін анықтайды. Орта мектептен басталатын азаматтық тәрбие сабақтары жастардың дауыс беру, саяси жиналыстарға бару, саясатты талқылауға қатысуын арттырады. Азаматтық білім алған азаматтар өздерін сауатты және саясатқа қатысуға дайын сезінеді.

Бөлім соңында айтқымыз келетіні, жас сананың саяси білім алатын бірден-бір орны – отбасы. Саясат туралы ойлар ең алдымен үйде айтылады және саяси білімнің негізі отбасылық өмірде жатыр. Сондықтан саяси тәрбие үйден басталады, ата-ана балаларына

әлемдегі саяси оқиғаларды үйдегі қатынастарда баяндайды. Балалар өздерінің алғашқы саяси түсініктерін үйдегі кешкі дастархан басындағы саяси пікірталастарды тыңдау арқылы алады. Саяси жүйе, ұлт, таптық және діни жүйенің барлығын ата-ана үйде үйретеді. Әрбір ата-ана баласын тәрбиелеуде тікелей және жанама түрде саяси тәрбие береді. Тек осылай ғана саяси философиялық ойлар мен білім отбасында туындайды. Саясатты теріңінен түсінбейінше, ешкім өзін қоғамның және үкіметтің мүшесі ретінде елестете алмайды. Үйдегі атмосфера баланың моральдық, этикалық, әлеуметтік және саяси мінез-құлқын өзгертеді. Баланың алғашқы саяси тұжырымдары оның ғалам келешегі көзқарасын қалыптастырады.

Саяси білім берудегі рухани және саяси дүниетанымның өзара ықпалы мен рөлін талдауда адамзаттық құндылықтар мен сенімдер жүйесінің үйлесімі тұлғаның шешім қабылдауындағы негізгі бағыт-бағдар екендігі анықталады. Деректерді ұсынудағы этикалық нормаларды сақтау студенттердің ойын манипуляциялау қаупін азайтады. Білім беру бағдарламаларындағы діни-зайырлы және идеологиялық сенімдер сабақта диалог орнатып, қоғамдық келісімді нығайтады. Отбасы институты саяси ұғымдарды алғаш қалыптастыратын орта деңгейінде жоғары мектептегі оқу-тәрбие процесінің табыстылығын жандандырады. Сондықтан болашақ мамандардың белсенді азаматтық ұстанымы рухани дүниетаным мен саяси білім үйлесіміндегі демократиялық құндылықтарды тәжірибеде іске асыруға жағдай туғызады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу елдер мен білім беру саясаты жастарды ұлттық, зайырлы және діни дүниетанымға әлеуметтендіруге ұмтылатынын көрсетті. Дегенмен, жоғары мектептегі оқытудың студенттердің саяси және рухани дүниетанымын қалыптастыратын әлеуметтік және жеке факторлармен өзара әрекеттесуі бойынша мәліметтер аз. Зерттеу нәтижелері студенттер көзқарастары беделді адамдар, ата-аналар, отбасы мүшелері және құрдастарымен диалогта өзгеретінін анықтады.

Зерттеу нәтижелері жоғары мектептегі саяси және рухани дүниетанымның өзара әрекеттесуінің жолдарын дәйектеді. Жоғары мектеп жақсы жағдайда студенттерді саясиландырады, нашар жағдайда саяси және рухани мәселелермен шынайы араласуды басатын әлеуметтік аренаға айналады. Талқылау және нәтижелердегі өзара байланысты үш контексте қарастырамыз. Біріншіден, өзара байланыс ең алдымен әлеуметтік құбылыс шеңберінде түсінілетін интерпретация салдарынан құрылады. Екіншіден, құбылыстың жоғары мектептегі білім беруде қолданылуы саяси дүниетанымды дамытады. Үшіншіден, саяси және рухани дүниетаным өзара байланысында түрлі агенттер қызмет атқарады.

Саяси білім беру процесінде рухани және саяси дүниетаным бір-бірін толықтырып отырады. Оқытудың интегративтік тәсілдері адами құндылықтар мен саяси идеяларды ұштастырып, студенттердің сыни ойлау қабілетін арттырады, қоғамдық-саяси салада белсенділік танытуына мүмкіндік береді. Модель білім мазмұнын кеңейтуімен қатар, студенттердің жауапкершілігін нығайтады. Тәрбиелік және әлеуметтік тәжірибелер рухани құндылықтарды меңгерудегі саяси сана тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Отбасылық тәрбие мен институционалдық білім беру студенттердің ішкі сенім жүйесін қалыптастырып, саяси шешім қабылдау үдерісіндегі этикалық нормаларды

ұстануға септігін тигізеді. Ғылыми және практикалық көзқарастар саяси білім беру бағдарламаларын жетілдіруде нақты бағыттар ұсынады. Атап айтқанда, оқу бағдарламаларына дүниетанымдық компонент қосу, профессор-оқытушылардың біліктілігін арттыру және сыни дискуссиялар жүргізу тиімді әдістер ретінде белгіленді. Шаралар студенттердің дүниетанымдық саяси көзқарастарын нығайтып, күрделі заманауи ахуалында икемді әрекетке дайындайды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері білім саясатын қайта қарастырып, рухани және саяси дүниетанымның өзара ықпалына негізделген жаңа әдістемелерді әзірлеу қажеттілігін анықтады. Тәсіл студенттердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді талдау, түрлі көзқарастарды ескеру және сыни диалог жүргізуге қабілетті тұлғаның қалыптасуына жағдай жасайды.

Ұсынылған көзқарастар рухани және саяси дүниетаным үйлесіміндегі қазіргі заманғы саяси білім беру жүйесін жаңғырту және студенттердің азаматтық ұстанымын нығайтудың негізі. Осылайша, зерттеу теориялық және тәжірибелік мәселелерді білім беру процесінің мазмұны мен құрылымына жаңа бағыттар енгізеді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Насимов М.Ө. – мақала тақырыбы мен зерттеу нысанының өзекті мәселелерін анықтау, мақсаттар мен міндеттерді нақтылау, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерін таңдау, теориялық көзқарастар мен әдеби шолуды жүйелеу және талдау;

Паридинова Б.Ж. – зерттеу пәніне қатысты әдебиеттерді сараптау және іріктеу, деректерді жинау, құрылымдау және сапалық талдау, ғылыми мақала мәтінін журналдың талаптарына сәйкестендіріп рәсімдеу және библиографиялық тізімді реттеу; жариялау алдындағы соңғы редакциялық түзетулер мен форматтау жұмыстарын орындау.

Әдебиеттер тізімі

1. Акты (2022) Генеральной конференции (Том 1). Париж: ЮНЕСКО, с.181.
2. Åhs, V., Poulter, S., Kallioniemi, A. (2019) "Preparing for the world of diverse worldviews: parental and school stakeholder views on integrative worldview education in a Finnish context", *British Journal of Religious Education*, 41(1), pp. 78-89.
3. Andrews, M. (2007) *Shaping history: Narratives of political change*. Cambridge: Cambridge University Press, p. 223.
4. Fuller, S., Stenmark, M., Zackariasson, U. (2014) *The customization of science: The impact of religious and political worldviews on contemporary science*. Edited by Palgrave Macmillan London, p. 209.
5. Webster, S. (2002) "Spirituality: Providing guidance through uncertainty", *Proceedings of the 2002 Australian Association for Research in Education conference*. Australian Association for Research in Education, Coldstream, Vic., pp. 1-16.
6. Flanagan, R. (2020) "Worldviews: Overarching concept, discrete body of knowledge or paradigmatic tool?", *Journal of Religious Education*, 68, pp. 331-344.
7. Gwara, J., Machingura, F. (2025) *African values and development*. Routledge, p. 186.
8. Johnson, F.M.A., Bothwell, M.K. (2024) "On the importance of spatiality and intersectionality: Transgender and gender nonconforming undergraduate engineering experiences through critical collaborative ethnographic site visits", Paper presented at 7th Annual Conference on Collaborative Network for Engineering and Computing Diversity, CoNECD 2024. Arlington, Virginia, p. 16.

9. Ming, X. (2024) "The logic of common prosperity in China", *Social Sciences in China*, 45(3), pp. 21-37.
10. Ozurumba, C.N., Ebuara, V.O. (2014) "Conceptual issues in politics of education", *Journal of Education and Practice*, 5(21), pp. 194-200.
11. Aristotle. (2017) *Politics* / Translated by B. Jowett. Digireads.com Publishing, p.178.
12. Puka, E. (2014) "Political education. The global education of citizen through active citizenship", *Studi Sulla Formazione/Open Journal of Education*, 16(2), pp. 229-236.
13. Moilanen, A., Huttunen, R. (2025) "Indoctrination and the aims of democratic political education: Challenges and answers", *Educational Theory*. Available via the link: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/edth.70032?af=R> (Accessed: 03 may 2025).
14. Dewey, J. (2025) *Democracy and education* / Edited by N. Tampio. De Gruyter Brill, p. 400
15. Rosenblum, N.L. (2021) *Obligations of citizenship and demands of faith: Religious accommodation in pluralist democracies* / N.L. Rosenblum. Princeton: Princeton University Press, p. 400.
16. Dolgon, C., Mitchell, T.D., Eatman, T.K. (2017) *The Cambridge Handbook of service learning and community engagement*. Cambridge: Cambridge University Press, p. 572.

М.О. Насимов, Б.Ж. Паридинова

Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

(E-mail: nasimov_m@mail.ru, filosof.sokrat.86@mail.ru)

Взаимосвязь духовного и политического мировоззрения в политическом образовании

Аннотация. Предложенная проблема впервые изучается в отечественной политической науке. В статье комплексно анализируется взаимосвязь духовного и политического мировоззрения в политическом образовании. В условиях современной глобализации пересечение духовных и политических взглядов напрямую влияет на внутреннюю систему убеждений человека, его политическую активность и гражданскую ответственность. Авторы обосновывают необходимость развития взаимодействия духовных ценностей и политических идей в интегративном ключе в процессе политического образования. В статье рассматриваются сущность духовности, структура политического мировоззрения, роль института семьи, значение образовательной политики в формировании мировоззрения студентов. Гармония политического и духовного мировоззрений достигается посредством внедрения мировоззренческих компонентов в учебные программы, повышения квалификации преподавателей, организации критического диалога. Результаты исследования дают конкретные рекомендации по совершенствованию содержания образования в высших учебных заведениях, повышению общественно-политической активности будущих специалистов, формированию демократических ценностей. Статья не только демонстрирует теоретические основы взаимодействия духовного и политического мировоззрений, но и способствует модернизации практики политического образования.

Ключевые слова: мировоззрение, духовность, политическое образование, духовное мировоззрение, политическое мировоззрение.

M.O. Nassimov, B.Zh. Paridinova

Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

(E-mail: nasimov_m@mail.ru, filosof.sokrat.86@mail.ru)

The relationship between spiritual and political worldview in political education

Abstract. The proposed problem is being studied for the first time in domestic political science. The article comprehensively analyzes the relationship between spiritual and political worldviews in political education. In the context of modern globalization, the intersection of spiritual and political views directly affects the internal system of human beliefs, their political activity, and civic responsibility. The authors substantiate the need to develop the interaction of spiritual values and political ideas in an integrative key in the process of political education. The article discusses the essence of spirituality, the structure of the political worldview, the role of the institution of the family, and the importance of educational policy in shaping the worldview of students. The harmony of political and spiritual worldviews is achieved through the introduction of ideological components into curricula, advanced training of teachers, and the organization of critical dialogue. The results of the study provide specific recommendations for improving the content of education in higher education institutions, increasing the socio-political activity of future specialists, and the formation of democratic values. The article not only demonstrates the theoretical foundations of the interaction of spiritual and political worldviews but also contributes to the modernization of the practice of political education.

Keywords: worldview, spirituality, political education, spiritual worldview, political worldview.

References

1. Akty (2022) General'noj konferencii (Tom 1). Parizh: JuNESKO, s.181. [in Russian]
2. Åhs, V., Poulter, S., Kallioniemi, A. (2019) "Preparing for the world of diverse worldviews: parental and school stakeholder views on integrative worldview education in a Finnish context", *British Journal of Religious Education*, 41(1), pp. 78-89.
3. Andrews, M. (2007) *Shaping history: Narratives of political change*. Cambridge: Cambridge University Press, p. 223.
4. Fuller, S., Stenmark, M., Zackariasson, U. (2014) *The customization of science: The impact of religious and political worldviews on contemporary science*. Edited by Palgrave Macmillan London, p. 209.
5. Webster, S. (2002) "Spirituality: Providing guidance through uncertainty", *Proceedings of the 2002 Australian Association for Research in Education conference*. Australian Association for Research in Education, Coldstream, Vic., pp. 1-16.
6. Flanagan, R. (2020) "Worldviews: Overarching concept, discrete body of knowledge or paradigmatic tool?", *Journal of Religious Education*, 68, pp. 331-344.
7. Gwara, J., Machingura, F. (2025) *African values and development*. Routledge, p. 186.
8. Johnson, F.M.A., Bothwell, M.K. (2024) "On the importance of spatiality and intersectionality: Transgender and gender nonconforming undergraduate engineering experiences through critical collaborative ethnographic site visits", Paper presented at 7th Annual Conference on Collaborative Network for Engineering and Computing Diversity, CoNECD 2024. Arlington, Virginia, p. 16.
9. Ming, X. (2024) "The logic of common prosperity in China", *Social Sciences in China*, 45(3), pp. 21-37.

10. Ozurumba, C.N., Ebuara, V.O. (2014) "Conceptual issues in politics of education", Journal of Education and Practice, 5(21), pp. 194-200.
11. Aristotle. (2017) Politics / Translated by B. Jowett. Digireads.com Publishing, p.178.
12. Puka, E. (2014) "Political education. The global education of citizen through active citizenship", Studi Sulla Formazione/Open Journal of Education, 16(2), pp. 229-236.
13. Moilanen, A., Huttunen, R. (2025) "Indoctrination and the aims of democratic political education: Challenges and answers", Educational Theory. Available via the link: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/edth.70032?af=R> (Accessed: 03 may 2025).
14. Dewey, J. (2025) Democracy and education / Edited by N. Tampio. De Gruyter Brill, p. 400
15. Rosenblum, N.L. (2021) Obligations of citizenship and demands of faith: Religious accommodation in pluralist democracies / N.L. Rosenblum. Princeton: Princeton University Press, p. 400.
16. Dolgon, C., Mitchell, T.D., Eatman, T.K. (2017) The Cambridge Handbook of service learning and community engagement. Cambridge: Cambridge University Press, p. 572.

Авторлар туралы мәлімет:

Насимов М.Ө. – саяси ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор, философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Паридинова Б.Ж. – хат-хабарға жауапты автор, философия магистрі, философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Насимов М.О. – кандидат политических наук, ассоциированный профессор, ассоциированный профессор кафедры философии и социально-гуманитарных дисциплин, Кызылординский университет имени КORKYT ата, Кызылорда, Казахстан.

Паридинова Б.Ж. – автор для корреспонденции, магистр философии, старший преподаватель кафедры философии и социально-гуманитарных дисциплин, Кызылординский университет имени КORKYT ата, Кызылорда, Казахстан.

Nassimov M.O – Candidate of Political Science, Associate Professor, Associate Professor of the Department of Philosophy and Social-Humanitarian Disciplines, Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Paridinova B.Zh. – corresponding author, Master of Philosophy, Senior Lecturer of the Department of Philosophy and Social-Humanitarian Disciplines, Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).